

## Степной селолық округ әкімінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 1 "Степной селолық округінің көшелерін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Степной ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 сәуірде № 5448 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Қарғалы ауданының Степной ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Степной селолық округі әкімінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 1 "Степной селолық округінің көшелерін атау туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 3-6-141 болып тіркелген, 2012 жылдың 14 маусымда аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөздері "ауылдық" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарғалы ауданының*

*Степной ауылдық округінің әкімі*

*Г.Нуредилова*